- ▶ Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар, сондай-ақ денелік, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе қадағалаушы бақылауымен тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз тұлғалар пайдалануы мүмкін, егер оларға құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулар берілсе және олар ықтимал қауіптермен таныстырылған болса.
- ▶ 3 жасқа дейінгі балаларға кір жуғыш машинаның жанында тек тұрақты қадағалау жағдайында ғана болуға рұқсат етіледі.
- ▶ Балалардың бұл жабдықпен ойнауына рұқсат бермеңіз.
- ▶ Балалардың немесе үй жануарларының машинаға жақындауына рұқсат бермеңіз, егер оның есігі ашық болса.
- ▶ Жуғыш құралдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- ▶ Сыдырма ілгекті жабыңыз, бауларды байлаңыз және киімнің шырмалуының алдын алу үшін ұсақ заттарды алып тастаңыз. Қажет болғанда жууға арналған арнайы қапшықты немесе торды пайдаланыңыз.
- ▶ Машинаға су немесе ылғал қол тигізуге немесе сіз жалаң аяқ, ал қолыңыз немесе аяғыңыз су немесе ылғалды болған кезде машинаны пайдалануға тыйым салынады.
- ▶ Машинаны жұмыс кезінде немесе жұмыс аяқталғаннан кейін ылғалдың булануы мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін бүркемеңіз және қандай да бір қаптамамен жаппаңыз.
- ▶ Машинаға ауыр заттарды немесе жылу не ылғал көздерін орналастыруға тыйым салынады.
- ▶ Жеңіл тұтанатын құралдарды немесе құрғақ тазалауға арналған құралдарды машинаға тікелей жақын жерде пайдалануға және сақтауға тыйым салынады.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

Күнделікті қолдану

- ▶ Жеңіл тұтанатын аэрозольдарды машинаға тікелей жақын жерде пайдалануға тыйым салынады.
- ▶ Машинада еріткіштермен өңделген киімдерді алдын ала ауада кептірмей жууға тыйым салынады.
- ▶ Орынжайда жанғыш газ болса, баусым ашасын электр розеткасынан алмаңыз және оған қоспаңыз.
- ▶ Кеуекті резеңкені немесе кеуек тәріздес материалдарды ыстықтай жууға тыйым салынады.
- ▶ Ұнмен ластанған киімді жууға тыйым салынады.
- ▶ Жуу кезінде есігіне қол тигізбеңіз, себебі ол қызады.
- ▶ Су деңгейі тиегіш люк жиегінен жоғары екені көрініп тұрса, машинаның есігін ашуға тыйым салынады.
- ▶ Есікті күштеп ашуға тырыспаңыз. Есік өздігінен бұғатталу құрылғысымен жабдықталған және жуу циклі аяқталғаннан кейін өздігінен бұғаттан шығады.
- ▶ Әрбір жуу бағдарламасын орындағаннан кейін және оған профилактикалық күту бойынша кез келген әрекетті іске асыру алдында машинаны өшіріңіз, сонымен қатар электр энергиясын үнемдеу және қауіпсіздік мақсаттарында машинаны электр желісінен ажыратыңыз.
- ▶ Құрылғыны желіден ажыратқан кезде кәбілді емес, ашаны ұстаңыз.

Күтім және техникалық қызмет көрсету/тазалау

- ▶ Егер құрылғыны тазалау немесе оны күту бойынша әрекеттер орындалып жатса, балалардың бақылауда екеніне көз жеткізіңіз.
- ▶ Профилактикалық күтім бойынша қандай да бір әрекеттерді іске асырмас бұрын машинаны электр желісінен ажыратыңыз.
- ▶ Машинаны пайдаланбаған уақытта есіктер мен люктердің түбін таза ұстаңыз және жағымсыз иістердің алдын алу үшін есікті ашыңыз.
- ▶ Бұйымды тазалау үшін су бүріккішті немесе буды пайдалануға тыйым салынады.
- ▶ Қауіпті жағдайға жол бермеу үшін зақымдалған электр қуат беру кәбілін тек дайындаушы, оның сервистік агенті немесе тиісті біліктілікті маман ғана ауыстыруы керек.
- ▶ Машинаны өздігіңізден жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу қажет болғанда біздің клиенттерді қолдау қызметіне хабарласыңыз.
- ▶ Машинадан металл, химикаттар, сынғыш заттар, жанған балауыз шам, тұтанған темекі және т. б. кез келген бөтен заттарды алып тастаңыз.



## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

### Орнату

- ▶ Машинаны жақсы желдетілетін жерде орналастырған дұрыс. Есігін толық ашуға мүмкіндік беретін күйді қамтамасыз етіңіз.
- ▶ Машинаны ғимараттан тыс жерде жоғары ылғалдылық жағдайларында немесе оған су тиюі мүмкін орындарда, мысалы шұңғылшаның астында немесе оның жанында орналастырмаңыз. Машинаға су тиген жағдайда электр қуат көзін сөндіріңіз және машинаның табиғи түрде кебуін күтіңіз.
- ▶ Машинаны тек 5°C-ден жоғары температурада орнатыңыз және пайдаланыңыз.
- ▶ Машинаны тікелей күн сәулесі түсетін жерге немесе жылу көздеріне (пештер, жылытқыштар сияқты) жақын жерде орнатпаңыз.
- ▶ Зауыттық тақтайшадағы көрсетілген электр сипаттамалары электр қуаты көзінің сипаттамаларына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Сәйкес келмеген жағдайда электршіге жүгініңіз.
- ▶ Жалғастырғыштар мен ұзартқыштарды пайдаланбаңыз.
- ▶ Құрылғымен бірге жеткізілген қуат көзі кәбілі мен құбыршектер жинағын ғана пайдаланыңыз.
- ▶ Электр кәбілі мен ашаның зақымданбауын бақылаңыз. Зақымдалған жағдайда ауыстыру үшін электршіге жүгініңіз.
- ▶ Машинаны қуаттау үшін оны орнатқан соң оңай қол жеткізуге болатын, жерге тұйықталған бөлек электр розеткасын пайдаланыңыз. Жабдық жерге тұйықталған болуы тиіс.
- ▶ Құбырлық жалғағыштарды сенімділікке және ағып кетудің жоқтығына тексеріңіз.

### Мақсаты бойынша пайдалану

Бұл бұйым тек қана кір жуғыш машинада жууға болатын киімдерді жууға арналған. Барлық жағдайларда киім жапсырмаларындағы күтім нұсқауларын орындау керек. Кір жуғыш машина тек үй ішінде тұрмыстық қолдануға арналған. Ол коммерциялық немесе өнеркәсіптік пайдалануға арналмаған.

Құрылғының құрылымына өзгерту енгізуге жол берілмейді. Мақсаты бойынша пайдаланбау қауіпті жағдайларға алып келуі және барлық кепілдіктердің күшін жоюы мүмкін.

### 2.1 Жұмысқа дайындық

- ▶ Кір жуғыш машинаны қаптамадан шығарыңыз.
- ▶ Корпустан қорғаныш қабықшасын қоса алғанда, барлық қаптау материалын және пенопласт табанын алып, балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз.
- ▶ Қаптаманы ашу барысында пластик пакет пен жүктеу люгінен су тамшыларын байқауға болады. Бұл суды пайдалану арқылы зауыттық сынақпен туындаған қалыпты құбылыс.




#### Ескерту: қаптаманы кәдеге жарату

Барлық қаптау материалдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және оларды қоршаған орта үшін қауіпсіз түрде кәдеге жаратыңыз. Қабырғаға орнатылатын автоматты кір жуғыш машиналарды біздің компанияның сатудан кейінгі қызмет көрсету бойынша мамандары орнатуы тиіс. Орнату әдістері «Орнату жөніндегі нұсқаулықта» аталған.

### 2.2 Кір жуғыш машинаны орнату

Кір жуғыш машинаның тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында оны тегіс және берік қабырғаға орнатыңыз және бекітіңіз. Оны көлбеу, тегіс емес немесе жұмсақ қабырғаға орнатпаңыз.



#### Ескерту:

Егер пайдалану барысында Fo хабарламасы шығатын болса, дереу техникалық қызмет көрсету үшін біздің компаниямыздың сервистік қызмет көрсету бөліміне жүгініңіз. Қауіпсіздік мақсатында Fo хабарламасы автоматты жойылуы мүмкін емес, және оны жою үшін сервистік қызмет көрсету бөлімінің кәсіби қызметкерлері керек болады.


### 2.3 Ағызу құбыршектерін орнату

2.3.1 Тиісті су ағызу құбырдың кірісін кір жуғыш машинаның су ағызатын тесігіне жалғаңыз. Оны ұшына дейін міндетті түрде кіргізіңіз және құбыр қысқышымен бекітіңіз.

Су ағызу құбыры түзу қалуы және майыспауы үшін кір жуғыш машинаның арнайы төменгі су ағызатын жалғауын пайдаланыңыз.



• Төменгі ағызу тесікке төгу



Ағызу құбыры түзу қалуын және бүгілмегенін қадағалаңыз



#### Ескерту:

- ▶ Кір жуғыш машинаның төменгі бөлігі мен төмендегі элементтер арасындағы қашықтық су ағызатын сүзгіні қалыпты тазалауды қамтамасыз етуі керек.
- ▶ Ағызу құбырына баспаңыз және оны тартпаңыз.
- ▶ Су ағызатын құбырды бүкпеңіз; оны мүмкіндігінше тік ұстаңыз; суды ағызу үшін кез келген кедергілерді жойыңыз және бітеліп қалуына жол бермеңіз.


2.3.2 Егер су ағызу құбырын қысқарту қажет болса, оны кесуге болады (қолыңызды кесіп алмау үшін абай болыңыз).

2.3.3 Егер сізге ағызу құбырын ұзарту қажет болса, ұзындығы қажетті құбырды сатып алу үшін сервистік қызмет көрсету бөліміне жүгініңіз.

### 2.4 Құю құбырын жалғау


Бұрандалы жалғастырғышқа қосу әдісі

Шүмектің алдыңғы ұшының ұзындығы 11 мм үлкен болуы керек, ал бұранда 2,5 айналымнан артық жасауға мүмкіндік беруі керек. Егер шүмекті шығаратын ұшының беті тегіс болмаса, ағып кетуге жол бермеу үшін оны жалпақтап етіп жасаңыз.




#### 2.4.1 1/2 дюймдік шүмекті қосу әдісі

- (1) Егер шүмектің жалғастырғышы болса, оны алдымен бұрап шығару керек.
- (2) Араластырғыштағы құбырлық енгізу сомынын орталықтандырыңыз және оны сағат тіліне қарсы 2-3 рет бұраңыз.
- (3) Кір жуғыш машинаның енгізу клапанының құю құбырының екінші ұшындағы сомынды орталықтандырыңыз және оны сағат тілі бағытымен 3-4 рет бұраңыз.



#### 2.4.2 3/4 дюймдік клапанды қосу әдісі


- (1) Егер шүмектің жалғастырғышы болса, оны алдымен бұрап шығару керек.
- (2) 3/4 дюймдік және 1/2 дюймдік шүмекті жалғау сомынын қондырыңыз және оны сағат тіліне қарсы 3-4 рет бұраңыз.
- (3) Құю құбырының сомынын 3/4 дюймдік және 1/2 дюймдік шүмек жалғауына қондырыңыз және оны сағат тіліне қарсы 2-3 рет бұраңыз.
- (4) Кір жуғыш машинаның енгізу клапанының құю құбырының екінші ұшындағы сомынды орталықтандырыңыз және оны сағат тілі бағытымен 3-4 рет бұраңыз.



### 2.5 2.5 Электрлік қосу

Әр қосу алдында мыналарды тексеріңіз:

- ▶ қуат көзі, розетка және сақтандырғыш зауыт тақтайшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келеді.
- ▶ розетка жерге тұйықталған, бірнеше орынды тармақтағыштар немесе ұзартқыштар пайдаланылмайды.
- ▶ аша мен розетка бір-біріне қатаң сәйкес келеді.



Ашаны розеткаға кіргізіңіз.




#### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Барлық қосылыстар (қуат көзінің ашасы, ағызу және су беру құбыршегі) қатты тартылғанын, құрғақ болғанын және еш жерінен су тамып тұрмағанын әрқашан қадағалаңыз!
- ▶ ▶ Бұл бөліктер ешқашан жаншылмауын, майыспауын және бұралмауын қадағалаңыз.
- ▶ ▶ Егер электр қуаты баусымы зақымдалса, қауіптің алдын алу үшін оны ауыстыру керек. Бұл жұмысты сервистік қызмет орындауы тиіс.


## 3.1 Кір жуғыш машинаның суреті

Алдынан қарағандағы көрінісі (3-1 сур.): Артынан қарағандағы көрінісі (3-2 сур.):




## 3.2 Жеткізілім жиынтығында

Аксессуарлар мен құжаттарының бар-жоғын осы тізімге сай тексеріңіз (3-4-сур.):



4-1



1 Функциялық батырмалар 2 Дисплей 3 Бағдарламаларды  
4 "Қуат беру" батырмасы 5 "Қосу/Үзіліс" батырмасы таңдау батырмалары

4-2



## 4.1 "Питание" (Қуат беру) батырмасы

Машинаны қосу және сөндіру үшін "Қуат көзі" батырмасын басыңыз (4-2-сур.).

4-3



## 4.2 "Старт/Пауза" (Қосу/Үзіліс) батырмасы

Дисплейде көрсетілген бағдарламаны іске қосу немесе тоқтату үшін осы батырманы (4-3-сур.) абайлап басыңыз.

4-4



## 4.3 Бағдарламаны таңдау батырмалары

Таңдау батырмаларын (❖), басып, бағдарламаны таңдаңыз, оның әдепкі қалпы бойынша баптаулары көрсетіледі (4-4 сур.). Бағдарламаны таңдау аумағы: аралас маталар, балалар киімі, іш киім, мақта, жылдам жуу 15мин, спорттық, сығу, барабанды тазалау



#### 4.4 Дисплей

Дисплейде (4-5 сур.) келесі ақпарат көрсетіледі:


- Есікті бұғаттау
- Балалардан қорғау үшін бұғаттау
- Жуу уақыты
- Бумен өңдеу функциясы
- "Есік жабылмаған" ескертпесі
- Шүмек қосылмағаны туралы ескертпе
- Температура
- Қосымша шаю саны
- Уақыт (минут саны)



#### 4.5 Функциялық батырмалар


Функциялық батырмалар (4-6-сур.) таңдалған бағдарламаны іске қосу алдында қосымша функцияларды қосу қызметін атқарады. Дисплейде тиісті белгішелер көрсетіледі.

Машинаны сөндіргенде немесе жаңа бағдарламаны таңдағанда қосымша функциялардың бәрі сөнеді. Егер батырма баптаудың бірнеше нұсқасынан таңдауға мүмкіндік берсе, онда таңдау үшін осы батырманы ретімен басу керек.




#### Ескертпе: Зауыттық баптаулар

Жуудың ең жақсы нәтижелер үшін әр бағдарламада әдепкі қалпы бойынша белгілі бір баптаулар бар. Егер арнайы талаптар болмаса, әдепкі қалпы бойынша баптауларды пайдалануды ұсынамыз.




##### 4.5.1 «i-time» функциялық батырмасы

Жуу бағдарламасының уақытын орнату үшін осы батырманы басыңыз (4-7-сур.).



##### 4.5.2 "Темп." функциялық батырмасы

Таңдалған бағдарламада жуу температурасын өзгерту үшін осы батырманы (4-8-сур.) басыңыз. Дисплейде қандай да бір мән шықпаса (дисплейде "--°C"), су қызбайтын болады



##### 4.5.3 "Полоск." (Шаю) (Қосымша шаю) функциялық батырмасы

Кірді таза сумен неғұрлым қарқынды шаю үшін осы батырманы (4-9-сур.) басыңыз. Бұл режимді терісі сезімтал адамдар үшін пайдалануға ұсынылады. Бұл батырманы қайта басқанда бірден үшке дейін қосымша шаюды таңдауға болады. Олар дисплейде 0/ 1/ 2/ 3 цифрлары түрінде көрінеді. Бағдарлама нұсқаларының бір-бірінен айырмашылықтары болады.

4-10



### 4.5.4 "Пар" (Бу) функциялық батырмасы

1. Бұл батырманы жуу басталғанға дейін басуға болады; ол температураны осы бағдарлама үшін рұқсат етілген максимумға орнатады.
2. Бағдарлама басталғанға дейін бумен өңдеу функциясын орнатсақ, бумен өңдеу белгішесі жанып тұрады. (4-10-сур.)
3. Пайдаланушы "температура" параметрін баптағанда, "Пар" (Бу) функциясы жойылады, және белгіше сөнеді.

4-11



CLot

### 4.5.5 Балалардан қорғау үшін бұғаттау

1. Жұмыс барысында «i-time» + «Темп» батырмаларын 3 секунд бойы бір мезгілде басып тұрып, балалардан бұғаттау функциясын қосыңыз/сөндіріңіз. Бағдарлама қалыпты түрде аяқталады және балалардан бұғаттау автоматты түрде жойылады. Бұл функция қуат сөндірілген кезде жадты керек етеді. (4-11-сур.)
2. Балалардан бұғаттау тек жұмыс кезінде орнатылуы мүмкін.
3. Балалардан бұғаттау функциясын орнатқаннан кейін кез келген қосу күйі (күту режимін, жұмысты, үзілісті қоса алғанда) жоғарыда аталған әрекеттің көмегімен сөндірілуі мүмкін.
4. Балалардан бұғаттау функциясын орнатқаннан кейін  белгішесі жанады және пайдаланушының, қуат батырмасын қоспағанда, барлық операциялары бұғатталады. Жарамсыз операцияда зуммер ерекше дыбыс шығарады және балалардан бұғаттау белгішесі 0,5 секунд аралықпен 3 секунд бойы тез жыпылықтайды: егер балалардан бұғаттау белгішесі болмаса, «CLot» дисплей 0,5 секунд аралықпен 3 секунд бойы тез жыпылықтайды.

| Бағдарлама                            | Максималды тиеу | Температура                    | Мата типі                                                                          | Алдын ала баптау әдепкі қалпы бойынша сығу жылдамдығы айн/мин | Функция |             |             |    |
|---------------------------------------|-----------------|--------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|---------|-------------|-------------|----|
|                                       |                 | °C 1) Рұқсат етілетін диапазон |                                                                                    |                                                               | i-time  | Температура | Қосымша шаю | Бу |
| Смешанные ткани<br>Аралас маталар     | 3.0             | * 60 дейін                     | Сәл ластанған аралас маталар – мақта мен синтетиканы жуу                           | 700                                                           | 0       | 0           | 0           | 0  |
| Детская одежда<br>Балалар киімі       | 1.5             | * 90 дейін                     | Мақта/синтетика                                                                    | 700                                                           | 0       | 0           | 0           | 0  |
| Нижнее бельё<br>Іш киім               | 1.5             | * 60 дейін                     | Мақта/синтетика                                                                    | 700                                                           | 0       | 0           | 0           | 0  |
| Хлопок<br>Мақта                       | 3.0             | * 90 дейін                     | Мақта                                                                              | 700                                                           | 0       | 0           | 0           | 0  |
| Быстрая 15 мин<br>Жылдам 15 мин       | 1,0             | * 40 дейін                     | Мақта/синтетика                                                                    | 700                                                           | 0       | 0           | 0           | /  |
| Спортивная<br>Спорттық                | 1,0             | * 40 дейін                     | Ластанған мақта киім және синтетикалық талшығы бар аралас матадан дайындалған киім | 700                                                           | 0       | 0           | 0           | /  |
| Отжим<br>Сығу                         | 3.0             | /                              | Барлық маталар                                                                     | 700                                                           | 0       | /           | /           | /  |
| Очистка барабана<br>Барабанды тазалау | /               | * 90 дейін                     | /                                                                                  | 600                                                           | /       | /           | /           | /  |

\* Су қызбайды.

1) \* Жуудың 90 °C температурасын ерекше гигиеналық талаптар жағдайында ғана таңдаңыз.

2) Бағдарламаның қысқа ұзақтылығынан жуғыш құралдың мөлшерін азайтыңыз. Дизайн мен техникалық сипаттамалары сапасын арттыру мақсаттарында алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

3) Айналу жылдамдығы туралы ақпарат машинаға әсер етпейді.

Ауыр заттарды жуғанда кір жуғыш машина қатты дірілдеуі немесе қозғалуы мүмкін. Конструкциясы және техникалық сипаттамалары сапасын жақсарту мақсаттарында алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Нақты энергия тұтынуы жергілікті жағдайларға байланысты көрсетілген мәннен өзгеше болуы мүмкін.

| Бағдарлама      | Температура<br>°C | Макс.<br>тиеу, кг | Электр<br>энергияны<br>тұтыну, кВт•сағ | Су, л | Жуу уақыты,<br>мин | Сығу/кептіру<br>режимінің<br>тиімділігі, % |
|-----------------|-------------------|-------------------|----------------------------------------|-------|--------------------|--------------------------------------------|
| HW30-BP7407     |                   |                   |                                        |       |                    |                                            |
| Хлопок<br>Мақта | 40°C              | 1.5               | 0,30                                   | 20    | 290                | 80                                         |
|                 | 60°C              | 1.5               | 0,30                                   | 20    | 290                | 80                                         |
|                 | 60°C              | 3                 | 0,29                                   | 25    | 290                | 80                                         |

\* 2010/30 ЕО Директивасына сәйкес тұрмыстық кір жуғыш машиналардың энергия тиімділігін анықтауға және таңбалауға арналған стандартты жуу бағдарламасы:

Мақта Алдымен «Хлопок» (Мақта) бағдарламасын таңдаңыз, содан «Темп.» батырмасын басып, 40°C / 60°C таңдаңыз. «i-time» батырмасын тағы бір рет 5С таңдау үшін басыңыз.)

Стандартты 60°C және 40°C бағдарламалары қалыпты ластану деңгейіндегі мақта маталарын жуу үшін жарайды. Олар электр қуаты мен судың аралас тұтыну тұрғысынан мақта киім жууға арналған анағұрлым тиімді бағдарламалар болып табылады. Су температурасы циклдің мәлімделген температурасынан өзгеше болуы мүмкін.

Шуды реттеу процедурасы: алдымен «Хлопок» (Мақта) бағдарламасын таңдап, «Темп.» батырмасын басыңыз, 60°C таңдау үшін және 5С таңдау үшін «i-time» батырмасын қайтадан басыңыз.



#### Ескертпе: автоматты өлшеу


Кір жуғыш машинасы тиеу салмағын анықтау жүйесімен жабдықталған. Аздап тиегенде электр энергиясы, су шығыны және жуу уақыты кейбір бағдарламаларда автоматты түрде азаятын болады.

### 7.1 Қуат көзі

Кір жуғыш машинаны электр көзіне қосыңыз (50 Гц жиіліктегі 220-240 В айнымалы ток, 7-1-сур.). Сонымен қатар «ОРНАТУ» бөлімін қар. (10-бет).

### 7.2 Су беруді қосу

- Қосу алдында кірістегі судың тазалығы мен мөлдірлігін тексеріңіз.
- Шүмекті ашыңыз (7-2-сур.).



### Ескертпе: Саңылаусыздық

Машинаны пайдалануды бастағанға дейін шүмекті ашыңыз және шүмек пен ағызу құбыршегінің жалғауында ағып кету жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

### 7.3 Кірді жууға дайындау

- Жуатын кір мен киімді олар жасалған мата типіне сай (мақта, синтетикалық маталар, жүн немесе жібек және т. б.), сонымен қатар ластану деңгейі бойынша сұрыптаңыз. Киімнің затбелгісіндегі күтім және жуу жөніндегі нұсқауларға назар аударыңыз.

- Ақ және түрлі-түсті маталарды бөліп алыңыз.

Түрлі-түсті маталарды алдымен қаншалықты түссізденетінін анықтау мақсатында қолмен жуып көріңіз.


- Киімнің қалталарын босатып (кілт, тиындар және т. б.) және қатты сәндік заттарды (мысалы, түйрегіштер) шешіп алыңыз.

- Жиектері тігілмеген киімдерді, нәзік маталарды және жұқа тоқыма маталарды, мысалы, жұқа перделерді нәзік бұйымдарды жууға арналған қапшыққа салу керек (оларды қолмен жуған немесе құрғақ тазалауды қолданған дұрыс).

- Сыдырма ілгектерді, жапсырмаларды және ілгектерді жабыңыз және түймелердің берік тігілгеніне көз жеткізіңіз.

- Ұқыптылықты қажет ететін бұйымдарды, мысалы, жиектері тиісті түрде тігілмеген заттарды, селдір маталы ішкіім және ұйықтарды, белбеулерді, кеудеқаптарды және т. б. жууға арналған қапшыққа салыңыз.

- Жуу алдында джинсыны және баспасуретті, әшекейленген немесе ашық түске боялған матадан тігілген киімді теріс аударыңыз; оларды жеке жуу ұсынылады.



### АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Тоқылмаған элементтер, сонымен қатар ұсақ, берік бекітілмеген және үшкір заттар киімнің және кір жуғыш машинаның бүлінуіне және зақымдануына әкелуі мүмкін.

### Күтім бойынша нұсқаулар

| Жуу                                                                                                                                                |                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                              |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  Жуудың макс. температурасы 95 °C, әдеттегі режим                  |  Жуудың макс. температурасы 60 °C, әдеттегі режим                      |  Жуудың макс. температурасы 60 °C, жұмсақ режим                                             |
|  Жуудың макс. температурасы 40 °C, әдеттегі режим                  |  40°C дейінгі температурада жууға болады, жұмсақ жуу                   |  Жуудың макс. температурасы 40 °C, аса жұмсақ режим                                         |
|  Жуудың макс. температурасы 30 °C, әдеттегі режим                  |  Жуудың макс. температурасы 30 °C, жұмсақ режим                        |  Жуудың макс. температурасы 30 °C, аса жұмсақ режим                                         |
|  Қолмен жуу, макс. темп. 40 °C                                     |  Жууға тыйым салынған                                                  |                                                                                                                                                                              |
| Ағарту                                                                                                                                             |                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                              |
|  Кез келген ағартқышпен ағартуға рұқсат етілген                    |  Құрамында оттегі бар/хлорсыз ағартқышты қолдануға ғана рұқсат етілген |  Ағартуға болмайды                                                                          |
| Кептіру                                                                                                                                            |                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                              |
|  Барабанмен кептіру мүмкін, әдеттегі температура                   |  Барабанда кептіруге болады, біршама төмен температура                 |  Барабанда кептіруге болмайды                                                               |
|  Сығып, жуғаннан кейін жіпке жайып кептіру                         |  Сығып, жуғаннан кейін жазық жерде кептіру                             |                                                                                                                                                                              |
| Үтіктеу                                                                                                                                            |                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                              |
|  Макс. 200 °C температурада үтіктеу (жоғары температуралы үтіктеу) |  Орташа 150°C дейінгі температурада үтіктеу                            |  Макс. 110 °C температурада бусыз үтіктеу (бұмен үтіктеу қайтымсыз салдарды тудыруы мүмкін) |
|  Үтіктеуге тыйым салынған                                        |                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                              |
| Текстиль бұйымдарға кәсіби күтім жасау                                                                                                             |                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                              |
|  Тетрахлорэтиленде құрғақ тазалау                                |  Көмірсутекпен құрғақ тазалау                                        |  Құрғақ тазалауға тыйым салынған                                                          |
|  Кәсіби ылғалды тазалау                                          |  Кәсіби ылғалды тазалауға тыйым салынған                             |                                                                                                                                                                              |

### 7.4 Кір жуғыш машинаға тиеу

- Сапалы жууды қамтамасыз ету үшін кір жуғыш машинаға салар алдында киімді ағытыңыз және жазыңыз.
- Алдымен оңай қалқып шығатын киімді салыңыз.
- Тым көп киім салмаңыз, керісінше жағдайда, бұл есіктің жабылуын қиындатады және оның үлкен көлеміне байланысты айналдыру кезінде киім мен кір жуғыш машинаны зақымдауы мүмкін.

4. Киімді жуу сапасына нұқсан келтірмеу үшін барабан артық толтырылмағанын тексеріңіз.

5. Есігін абайлап жабыңыз. Киім қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз. Есікке қысылып қалған киім люк манжеттерінің зақымдалуына алып келеді. Бұл зақымдануға кепілдік қолданылмайды.

### 7.5 Жуғыш құралды таңдау

► Жуудың тиімділігі мен өнімділігі пайдаланылатын жуғыш құралдың сапасымен анықталады.

► Машинамен жууға арналған жуғыш құралды ғана пайдаланыңыз.

► Қажет болғанда арнайы жуғыш құралдарды пайдаланыңыз, мысалы, синтетикалық және жүн заттарға арналған.

► Жуғыш құралдар өндірушісінің ұсынымдарын үнемі ескеріңіз.

► Трихлорэтилен және ұқсас өнімдер сияқты құрғақ тазалауға арналған құралдарды пайдаланбаңыз.

### Ең қолайлы жуғыш құралды таңдаңыз

| Бағдарлама                            | Жуғыш құралдың түрі |      |                    |       |             |
|---------------------------------------|---------------------|------|--------------------|-------|-------------|
|                                       | Әмбебап             | Түсі | Нәзік маталар үшін | Басқа | Кондиционер |
| Смешанные ткани<br>Аралас маталар     | Ж                   | Ж/П  | -                  | -     | о           |
| Детская одежда<br>Балалар киімі       | Ж/П                 | Ж/П  | -                  | Ж/П   | о           |
| Нижнее белье<br>Іш киім               | -                   | -    | Ж/П                | Ж/П   | о           |
| Хлопок<br>Мақта                       | Ж/П                 | Ж/П  | -                  | -     | о           |
| Быстрая 15 мин.<br>Жылдам 15 мин.     | Ж                   | Ж    | -                  | -     | о           |
| Спортивная<br>Спорттық                | -                   | -    | Ж/П                | Ж/П   | -           |
| Отжим<br>Сығу                         | -                   | -    | -                  | -     | -           |
| Очистка барабана<br>Барабанды тазалау | -                   | -    | -                  | -     | -           |

Ж = гель/сұйық жуғыш құрал

П = кір жуатын ұнтақ

О = қосымша

Сұйық жуғыш құралды пайдаланғанда кейінге қалдырылған стартты іске қосу ұсынылмайды.

Әр алуан түрлі жуғыш құралдарды пайдаланып, жуудың ұсынылатын температуралары:

► Кір жуатын ұнтақ 20 - 90 °C дейін\* (ең жақсы нәтиже үшін 40-60 °C)

► Түрлі-түсті маталарға арналған құрал: 20 - 60 °C дейін\* (ең жақсы нәтиже үшін 30-60 °C)

\* 90°C жуу температурасын ерекше гигиеналық талаптар бар болғанда ғана таңдаңыз.

\* 60 °C және одан жоғары жуу температурасында жуғыш құралдың азырақ мөлшерін пайдалану ұсынылады. Мақта немесе синтетикалық мата үшін жарайтын арнайы дезинфекциялаушы құралды пайдаланыңыз.

\* Көбіктенбейтін кір жуатын ұнтақты немесе көбі аз мөлшерде шығатын ұнтақты пайдаланыңыз.

\* Кондиционерді кірдің салмағына сай қосыңыз.

### 7.6 Жуғыш құралды қосу

Жуғыш құралды бір жууға қажетті мөлшерге сәйкес кір жуғыш барабанға тікелей салыңыз. Қоюланған кір жуғыш құралды кір жуғыш барабанға салар алдында сұйылту керек.



#### Ескерту:

► Жуу сапасының нашарлауын немесе көбіктің толып кетуінің алдын алу үшін барабан түріндегі кір жуғыш машиналар үшін арнайы жасалған көбіктенбейтін жуғыш құралды пайдалану ұсынылады.

► Егер кір жуатын ұнтақтың түйіршіктерін қолдансаңыз, киімді тиер алдында оларды жуу барабанына салыңыз.

► Киімге дезинфекциялағыш құралды жақпаңыз.

► Ағызу құбырының бітелуіне жол бермеу үшін кір жуғыш таблеткаларды қолдану ұсынылмайды..

7-4



### 7.7 Қуат көзін іске қосу

Машинаны қосу неме сөндіру үшін Қуат беру (Power) батырмасын басыңыз (7-5-сур.)

7-5



### 7.8 Бағдарламаны таңдау


Жуудың ең жақсы нәтижелерін алу үшін ластану деңгейі және жуылатын кірдің типіне біршама жарамды бағдарламаны таңдаңыз. Бағдарламаларды таңдау батырмаларының көмегімен лайықты бағдарламаны таңдаңыз. Бұл ретте дисплейде әдепкі қалпы бойынша баптаулар көрсетіледі. (7-5-сур.)



#### Ескерту: иісті кетіру

Алғашқы кір жуу алдында әлеуетті зиянды заттар мен қоқыстан тазарту мақсатында контейнер бөліміне (1) аз мөлшерде жуғыш құрал қосып немесе арнайы тазартатын құрал қолданып, кір салмай, барабанды тазалау бағдарламасын қосу керек.





### 7.9 Жеке баптауларды қосу

Қажет функциялар мен баптауларды таңдаңыз (7-6-сур.); Басқару панелі бөлімін қар.

### 7.10 Жуу бағдарламасын іске қосу

Қосу үшін “Старт/Пауза” (Қосу/Үзіліс) батырмасын басыңыз (7-7-сур.). Машина берілген баптауларға сәйкес жұмыс істейтін болады. Бағдарламаны жойған кезде ғана өзгертулер енгізуге болады.



### 7.11 Жуу бағдарламасын тоқтату / Басқа бағдарлама таңдау

Ағымдағы бағдарламаны тоқтату үшін “Старт/Пауза” (Қосу/Үзіліс) батырмасын абайлап басыңыз. Жұмысты қайта бастау үшін осы батырманы тағы бір рет басыңыз.

Іске қосылған бағдарламаны және оның барлық жеке баптауларын болдырмау үшін:

1. Қосылған бағдарламаны тоқтату үшін “Старт/Пауза” (Қосу/Үзіліс) батырмасын басыңыз.
2. Содан кейін бағдарламаны таңдап, оны іске қосыңыз.

### 7.12 Жуудан кейін



Ескерту: есікті бұғаттау

- ▶ Қауіпсіздік мақсаттарында жуу циклін орындағанда есік ішінара бұғатталады. Есікті тек жуу аяқталғаннан кейін немесе бағдарламаны дұрыс тоқтатқанның кейін ашуға болады.
- ▶ Су деңгейі жоғары, су температурасы жоғары болған жағдайда және сығу кезінде есікті ашу мүмкін емес; бұл ретте дисплейде **Lock** көрсетіледі.

Бағдарлама циклі аяқталған кезде дисплейде **End** жанады.

2. Кір жуғыш машина автоматты түрде сөнеді.
3. Үтіктеуді жеңілдету және қыртыстардың пайда болуының алдын алу үшін кірді неғұрлым жылдам алып шығыңыз. Су беруді тоқтатыңыз.
5. Электрлік қуат беру баусымын ажыратыңыз.
6. Ылғалдың жиналуына және иістің пайда болуына жол бермеу үшін есікті ашыңыз. Кір жуғыш машина пайдаланылмайтын кезде есігін ашық күйде қалдырыңыз.
7. Киімнің ұсақ заттары жоғары жылдамдықта сыққаннан кейін барабанның қабырғасына жабысып қалуы мүмкін. Киімді алу үшін есікті ашқанда осындай заттарға назар аударыңыз.
8. Люк манжетінің төменгі бөлігінде және жуғыш құралдарға арналған астауда судың жиналуы қалыпты құбылыс болып табылады.



### Ескерту: күту режимі / энергия үнемдеуші режим

Қосылған машина бағдарлама іске қосылар алдында немесе ол аяқталғаннан кейін 2 минут ішінде белсендірілмесе, күту режиміне өтеді. Электр энергиясын үнемдеу мақсатында дисплей сөнеді.




### Экологиялық жауапты пайдалану

- ▶ Энергияны, суды, жуғыш құралды және уақытты оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ету үшін максималды тиеу көлеміне қатысты ұсынымдарды орындау керек.
- ▶ Машинаны шамадан тыс жүктемеңіз (киімнің үстінде ені алақандай саңылау қалуы керек).
- ▶ Аздап ластанған киім үшін 15 минуттық жылдам жуу бағдарламасын таңдаңыз.
- ▶ Әрбір жуғыш құралдың дәл мөлшерленуін пайдаланыңыз.
- ▶ Жуудың сәйкес келетін ең төмен температурасын таңдаңыз — заманауи жуғыш құралдар ластануды 60 °C төмен температурада тиімді тазалайды.
- ▶ Әдепкі қалып бойынша баптауларды қатты ластанған жағдайда ғана арттырыңыз.

### 9.1 Кір жуғыш машинаны тазалау


1. Кір жуғыш машинаны тазалаған немесе күтім жасаған кезде электр қуаты ашасын розеткадан суырыңыз.
2. Машинаның корпусын (9-2-сур.) және резеңке элементтерін тазалау үшін сабынды жуғыш ерітіндіге малынған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз.
3. Органикалық химиялық заттарды немесе жемір еріткіштерді қолданбаңыз.
4. Шүмекті ашыңыз және оның тесік болмауын тексеріңіз.



### 9.2 Енгізу клапаны және оның сүзгісі

Су берілуінің қақ сияқты қатты бөлшектермен бұғатталуының алдын алу үшін енгізу клапанының сүзгісін жүйелі түрде тазалап отырыңыз.

1. Электр қуат беру баусымының ашасын розеткадан суырып, су берілуін тоқтатыңыз.
2. Машина артындағы құю құбыршегін және шүмекті бұрап шығарыңыз (9-2-сур.).
3. Сүзгіні тістеуікпен шешіп алыңыз (9-3-сур.).
4. Сүзгілерді сумен шайыңыз және оларды сүзгіні тазалауға арналған щетка көмегімен тазалаңыз (9-4-сур.).
5. Сүзгіні қойыңыз және құю құбыршегін орнатыңыз (9-5-сур.).



### 9.3 Барабанды тазалау


1. Барабаннан оған кездейсоқ түсіп кеткен металл заттарды, түйрегіштерді, тиындар мен т.б. шығарып отырыңыз (9-5-сур.), өйткені олар тат дақтарының пайда болуының және зақымдалуының себебіне айналуы мүмкін.
2. Тат дақтарын кетіру үшін құрамында хлор болмайтын тазартқыш құралды пайдаланыңыз. Тазартқыш құрал өндірушісінің нұсқауларын сақтаңыз.
3. Тазалау үшін қатты заттарды немесе болат ысқыштарды пайдаланбаңыз.
4. Процедура аяқталғаннан кейін есікті ашыңыз, орамалмен төсем айналасындағы дақтарды және көбікті кетіріңіз. Төсемнің іші мен сыртын таза ұстаңыз (8-5-сур.).

### 9.4 Пайдаланбаудың ұзақ кезеңдері

Егер машинаны ұзақ уақыт бойы пайдаланбау жоспарланатын болса, онда келесі дайындықты орындау қажет:

1. Электр ашасын розеткадан суырыңыз (9-6-сур.).
2. Су беруді тоқтатыңыз (9-7-сур.).
3. Ылғалдың жиналуына және иістің пайда болуына жол бермеу үшін есікті ашыңыз. Кір жуғыш машина пайдаланылмайтын кезде есігін ашық күйде қалдырыңыз.

Келесі пайдалану алдында қуат көзі кәбілін, су берілуін және су ағызатын құбыршекті мұқият тексеріңіз. Барлығы дұрыс орнатылғанына және ағып кету жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.



### 9.5 Ағызу сүзгісі

Ағызу сүзгісін айына бір рет тазалаңыз және оны келесі жағдайларда тексеріңіз:


- ▶ Суды төкпейді.
- ▶ Айнамайды.
- ▶ Жұмыс істегенде әдеттен тыс шу шығарады.



#### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Күйіп қалу қаупі! Ағызу сүзгісіндегі су өте ыстық болуы мүмкін! Кез келген әрекеттерді орындау алдында су салқындағанына көз жеткізіңіз.

1. Суды ағызу үшін «ағызу және сығу» бағдарламасын іске қосыңыз.
2. Машинаны сөндіріңіз және қуат беру баусымын ажыратыңыз (9-8 сур.).
3. Шайынды суды жинауға арналған контейнерді дайындаңыз. Су көп болуы мүмкін! (9-9-сур.).
4. Машинадан су ағызылғаннан кейін, сүзгі бұрандасын бұрап шығарыңыз, сүзгіні шешіп алу үшін оны сағат тіліне қарсы қолмен бұраңыз
5. Сүзгіден қоқысты кетіріңіз және оны таза сумен шайыңыз.
6. Сүзгіні кіргізіңіз, бұраңыз және сағат тілімен қатты бұрап бекітіңіз.
7. Сүзгі бұрандаларын қатты бұраңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

Сүзгіні ашқан кезде қалған су төменгі контейнерге кетуі керек. Сүзгіні міндетті түрде дұрыс орнатып, бұрандаларды қатты бұраңыз, керісінше жағдайда су ағып кетуі мүмкін.

Көптеген туындаған мәселелерді арнайы білімсіз өз бетімен шешуге болады. Мәселе туындаған жағдайда қызмет көрсету бөліміне хабарласудың алдында барлық ықтимал нұсқаларды тексеріп, төменде келтірілген нұсқауларды орындаңыз. КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ қар.



## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Техникалық қызмет көрсетуді жүргізер алдында машинаны сөндіріңіз және электр қуат баусымының ашасын розеткадан ажыратыңыз. Электр құрылғыларға қызмет көрсетуді тек білікті электршілер жүргізуі тиіс, өйткені қате жөндеу кейіннен айтарлықтай зақымдануға әкелуі мүмкін. Қауіпті жағдайға жол бермеу үшін зақымдалған электр қуат беру кәбілін тек дайындаушы, оның сервистік агенті немесе тиісті біліктілікті маман ғана ауыстыруы керек. Соңғы пайдаланушы қауіпсіздігінің мақсатында өзіндік немесе кәсіби емес жөндеуді орындау ұсынылмайды. Сервистік қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз.

## 10.1 Ақпараттық кодтар

Келесі кодтар тек ақпарат үшін көрсетіледі және жуу цикліне қатысты болады. Олар қандай да бір әрекеттерді орындауды талап етпейді.

| Код   | Хабарлама                                                                                   |
|-------|---------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2H    | Жуудың қалған уақыты 99 минуттан артық және 120 минуттан аз.                                |
| 3H    | Жуудың қалған уақыты 120 минуттан артық және 180 минуттан аз.                               |
| End   | Жуу циклі аяқталды. Машина автоматты түрде сөнеді.                                          |
| Loc t | Судың жоғары деңгейінен, жоғары температурасынан немесе сығу цикліне байланысты есік жабық. |
| cLo t | Функциялық пернелер жабық. Бағдарламаны өзгерту жарамсыз.                                   |

## 10.2 Дисплейдегі қате кодының көмегімен ақаулықтарды жою

| Мәселе   | Себебі             | Шешімі                                                                                                                                                                                                                                                                  |
